Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

БҚОӘББ «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК

Бекітемін_____
ОАТК басшысының м.а.
_____ Б.Ахметова
«30» маусым 2022 ж.

«ОРАЛ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІ» МКҚК-НІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ АЛДЫНДА ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

Орал қаласы, 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

Мазмұны	Беттер
Кіріспе	3
1. Орал ақпараттық технологиялар колледжінің жалпы сипаттамасы	4-7
2. Кадрлық әлеуетті талдау	8-11
3. Білім алушылардың контингенті	12
4. Оқу, әдістемелік жұмысы. Білім алушылардың білім сапасын бағалау	13-34
5. Оқу-тәрбие жұмыстары	35-49
6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	50-57
7. Кәсіптік практика	58-59
8. Колледждің бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуі	61-68
9. Қорытынды	69
Қосымшалар	
Қ-1 қосымша: Басшылық құрам туралы мәлімет, басқарушылық құжаттар	
3 қосымша: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшемшарттар	
10 қосымша: Педагогикалық кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер	
11 қосымша: Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер	
12 қосымша: Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер	
13 қосымша: Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер	
14 қосымша: Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер	
17 қосымша: Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер	
18 қосымша: Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер	
19 қосымша: Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер	
21 қосымша: Күндізгі, кешкі, сырттай бөлімдер, экстернат бойынша оқу жылына арналған оқыту нысандары мен тілдері бойынша оқушылар контингенті туралы мәліметтер (бөлгішінде білім алушыларды мемлекеттік тілде көрсету)	
22 қосымша: Бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері	

КІРІСПЕ

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарын аттестаттау кестесіне сәйкес Орал ақпараттық технологиялар колледжінде мемлекеттік аттестаттау алдында өзіндік бағалау жүргізілді.

Өзіндік бағалаудың мақсаты колледжде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың тиімділігін анықтау және ресурстарды тиімді ұйымдастыру мақсатында объективті талдау және өзіндік бағалау.

Міндеттері:

- колледжде оқу, тәрбие, әдістемелік жұмыстардың жай-күйін, кадрлық әлеуетін, материалдық-техникалық база, ақпараттық ресурстар мен кітапхана қорын талдау жасау;
- колледждің оқу бағдарламаларын мемлекеттік жалпы білім стандарттарына сәйкес жүзеге асыру талдау жасау;
- колледжді мемлекеттік аттестаттауға дайындау.

Өзіндік бағалау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының және білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау Ережесіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы (26.07.2021 № 366 бұйрығымен толықтырылған) сәйкес жүргізілді.

Өзіндік бағалау қорытындылары колледждің педагогикалық кеңесінде талқыланды (хаттама № 6, 30.06.2022 ж.).

ОРАЛ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ АЛДЫНДА ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

1. ОРАЛ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Орал ақпараттық технологиялар колледжі 1974 жылы құрылды, оқу 04.01.2012 ж. №0036524 мемлекеттік лицензия негізінде 3 мамандық бойынша жүргізіледі, 29.08.2013 ж. №0036524 лицензияға қосымша, Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласындағы бақылау департаменті берген. Колледждің толық ресми атауы-Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» Мемлекеттік қазыналық кәсіпорны. Заңды мекен-жайы: индекс 090007, Қазақстан Республикасы коммуналдық, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Амангелді Каримуллина 2/1А тел: 8 (7112) 53-80-96.

Қазақ КСР Министрлігі Кеңесінің 1974 жылғы 25 тамыздағы №25 РС өкімі бойынша 1974 жылғы 1 қыркүйектен бастап №5 техникалық училище болып ұйымдастырылды. 1984 жылдың тамыз айында №5 техникалық училище 1984 жылғы 13 тамыздағы №220 мемлекеттік кәсіптік білім беру бұйрығы негізінде №5 орта кәсіптік — техникалық училище болып қайта құрылды.

1991 жылдың тамызында №5 орта кәсіптік – техникалық училище радиоэлектроника жоғары кәсіптік училищесі – техникалық лицей болып қайта аталды және қайта құрылды. ҚР Білім министрлігі Алқасының 1991 жылғы 19 желтоқсандағы №16/2 шешімімен бекітілген.

1996 жылы желтоқсанда Білім министрлігінің 1996 жылғы 27 мамырдағы №152 «Кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарын қайта ұйымдастыру туралы» бұйрығымен, 1996 жылғы 5 желтоқсандағы №443 бұйрығымен, жоғары кәсіби радиоэлектроника училищесі-техникалық лицей №5 кәсіптік — техникалық лицей болып қайта құрылды.

2004 жылдың маусым айында №5 кәсіптік-техникалық лицей Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының 2002 жылғы 13 қыркүйектегі №287 бұйрығы және 2004 жылғы 02 маусымдағы №2134-1926-ТУ мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі негізінде №5 кәсіптік лицей болып өзгертілді.

2011 жылдың қыркүйек айында «№5 кәсіптік лицей» ММ Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 10 маусымдағы №93 қаулысы, «БҚО білім басқармасы» ММ-нің 2011 жылғы 22 тамыздағы №619 бұйрығы және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 2011 жылдың 13 қыркүйегіндегі тіркеу нөмірі №9080-1926-ГП, сериясы В, №0345575 куәлігі негізінде «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК болып қайта құрылды.

Колледж Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мен білім басқармасының нормативтік құқықтық актілері, сондай–ақ колледж Жарғысы негізінде жұмыс істейді.

Колледждің миссиясы: IT-технологиялар және инженерия саласында құзыретті, жоғары білікті мамандарды даярлау.

Пайымдауы: Орал ақпараттық технологиялар колледжі құзыретті, жауапты, жоғары білікті, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз кәсібін еркін меңгерген, қызметтің аралас

салаларында бағдарлай алатын, тұрақты кәсіби өсуге, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған.

Колледжде бүгінгі таңда 5 мамандық 7 біліктілік бойынша студенттер білім алуда, 2021-2022 оқу жылының соңында 20 топ, 417 білім алушы болды. 2022-2023 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша 150 талапкер қабылданады.

Колледжде ашылған барлық мамандықтар өңір тұрғындарының сұранысын қанағаттандыратын мамандықтар болып табылады.

Колледждің төмендегідей жарғылық құжаттары бар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №9080-1926-МК 2011 жылы 13 қыркүйек;
- Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының 03.09.2019 ж. № 594 бұйрығымен бекітілген Жарғысы;
- Медициналық қызмет көрсетуге рұқсат ететін Батыс Қазақстан облысының әкімшілігі, Батыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының № 00872DL лицензиясы 08.05.2013 ж.

БСН 950540000807

SWIFT коды IRTYKZKA

KZ3896512F0007761670

Техникалық және кәсіби мамандарды дайындау мемлекеттік лицензияларға сәйкес жүргізіледі.

Білім беру қызметі 2018 жылғы 26 маусымда ҚР Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысының Білім саласындағы бақылау департаменті берген №KZ05LAA00012333 мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асыруда.

Мамандарды дайындау мемлекеттік лицензияға қосымша 14 сәуір 2021 ж. өзгертіліп, төмендегі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

Мамандықтар коды	**Мамандықтар атауы**	**Біліктілік коды**	**Біліктілік атауы**
06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130103	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы
06120100	Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101	Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы
07151100	Машиналар мен жабдықтарды пайдалану (өнеркәсіп салалары бойынша)	4S07151102	Техник-механик
07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161301	Автомобиль жөндеу слесарі
		3W07161303	Автомобиль көлігін жөндеу шебері
		4S07161304	Техник-механик
07140500	Сандық техника (түрлері бойынша)	3W07140501	Сандық техниканы монтаждаушы-жөндеуші

Білім беру күндізгі бөлімде екі тілде (орыс және мемлекеттік) және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік негізде жүзеге асырылады.

Колледждің инфрақұрылымына спорт залы, 128 орындық асхана, 120 орындық акт залы, 20 орындық оқу залы бар кітапхана, 1 медициналық кабинет, 12 пәндік аудитория, 2 зертхана және 4 өндірістік оқу шеберханасы кіреді. Колледждің оқу ғимараты мен шеберханалары интернетке толық қосылған. Компьютерлік кабинет - 9, LSD панельдермен және мультимедиалық стендтермен жабдықталған бөлмелер - 9, интерактивті тақтасы бар аудиториялар - 5. Биыл «Жас маман» жобасы аясында 30 компьютер, 30 ноутбук, 15 моноблок, 10 виртуалды шлем,10 графикалық планшет және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алынды. Колледждің кітапханасының кітап қорында бүгінде 22938 дана кітап бар, ал электрондық оқулықтардың саны – 731.

Колледжде әр мамандыққа арналған, соңғы үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз етілген оқу шеберханалары мен лабораториялары жұмыс жасайды. Оқу, технологиялық практикалары колледж шеберханаларында өтеді. Кәсіби практикадан оқушылар келісім шарттар негізінде аудандық, қалалық және облыстық кәсіпорындарында өтеді.

Колледж өз қызметін ҚР нормативті және құқықтық актілер, колледж Жарғысына, Колледж Ережесіне, колледждің педагогикалық Кеңес шешімдеріне және колледж директоры мен облыстық білім беру басқармасы басшысың бұйрықтарына сәйкес ұйымдастырады:

а) «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК-нің Жарғысының көшірмесі;

ә) «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі;

б) «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» МКҚК білім берумен айналысуға берілген мерзімі шектелмеген мемлекеттік лицензиясы;

в) Мемлекеттік лицензияға қосымшалар;

г) Колледж ережесі.

Колледж өз жұмысында сапалы мамандарды дайындауда оқу орнының көпжылдық тәжірибесіне сүйенеді.

Өндірістік практика әлеуметік серіктес мекемелері мен колледж арасында жасалған келісім шарт негізінде ұйымдастырылады. Колледжге оқуға қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Колледждің 2021-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылына арналған кешенді жұмыс жоспары жасалды.

Колледждің құрылымдық бөлімшелеріне Педагогикалық Кеңес, құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі, Қамқоршылық кеңесі, Индустриалдық кеңес, әдістемелік бірлестіктер кіреді. Құрылымдық бөлімшелердің жұмыс ережелері жасалынды. Колледж директоры бекіткен барлық лауазымдық нұсқаулықтар бар.

Колледждің орналасқан мекен - жайы:
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, А.Каримуллина к-сі 2/1 А.
Телефон: 53-84-78, 53-80-96, 53-84-77

Толық атауы:	Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім бөлімі «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Меншік түрі (мемлекеттік, мемлекеттік емес):	Мемлекеттік
Орналасқан жері (облыс, қала, аудан, көше):	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, А.Каримуллина к-сі 2/1 А.
Құрылған жылы:	1974 ж.
Сыйымдылығы (колледж неше адамға есептелген):	500 адам
Жарғы	Жарғы 03.09.2019 ж. №594 Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Орал ақпараттық технолгиялар колледжі» МҚКК-мен бекітілген
БИН мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәлік:	950540000807
Директордың м.а. (аты – жөні, толық), диплом бойынша мамандығы:	Ахметова Бахытгуль Сергеевна «Кәсіптік білім беру бакалавры», «Ақпараттық жүйелер» магистрі
Аудандары көрсетілген оқу және өндірістік корпустар саны:	Корпус – 5407,6 м^2
	Акт зал -221м^2
	Асхана - 224 м^2
	Спорт залы - 224 м^2
	Шеберхана - 192,7м^2
Студент саны:	417
Оның ішінде: **- күндізгі бөлімде білім алады:**	417
- сырттай бөлімде білім алады:	0
Колледж сайты:	http://ukit-edu.rka.kz/
E-mail:	pl5_2001@mail.ru
Байланыс телефондары:	Қабылдау бөлмесі: 8 7112 53-80-96 Директор: 8 7112 53-84-78

Колледждің әлеуметтік желілері:

(INSTAGRAM) https://instagram.com/ukit_uralsk?utm_medium=copy_link

(Facebook) https://www.facebook.com/UKIT.2019

Колледждің Youtube каналы:

https://www.youtube.com/channel/UCU4mIRRCWpcT1LvxozEIzYg

Білім беру платформасы: EDUS

2. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ

Орал ақпараттық технологиялар колледжінің кадр бөлімінің жұмысы келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі».

2) «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы.

3) «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №123 бұйрығы

4) «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы.

5) «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы.

6) «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығы.

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы.

8) «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1017 бұйрығы.

Колледж жұмысы Ұжымдық шартпен және Педагогикалық этика нормаларымен реттеледі.

Қазіргі таңда колледжде 2021-2022 оқу жылына есептегенде қызмет атқаратын оқытушылардың жалпы саны – 59 (оның ішінде 50 педагог штаттық, 5 қоса атқарушылық бойынша, 1 педагог декреттік демалыста, 3 өндірістік оқыту шебері штаттық). Штаттағы оқытушылардың жас құрамында 30 жасқа дейінгі жас оқытушылардың (8 оқытушы) үлесі аз, барлық оқытушылардың 13,5 пайызын құрайды. Педагог кадрлардың орташа жасы – 43, өндірістік оқыту шеберлерінің орташа жасы – 43. Қазіргі уақытта бір зейнеткер жұмыс істейді.

№	*Атауы*	*Саны (адам)*	*Жалпы %*
1	Педагогикалық кадр саны	59	100
	Соның ішінде:		
	- Оқытушылар	56	95 %
	- Өндірістік оқыту шеберлері	3	5 %
2	Оқытушылар (барлығы)	56	95%
	Соның ішінде:		
	- Жоғары білімді	56	100%
	- Орта арнайы білімді	0	-
	- Жоғары санатты	8	14,2%

	- Педагог-зерттеуші	7	12,5%
	- Ғылым кандидаты	1	1,7%
	- Магистр	7	12,5%
	- Бірінші санатты	7	12,5%
	- Педагог-сарапшы	3	5,3%
	- Екінші санатты	8	14,2%
	- Педагог-модератор	4	7,14%
	- Санатсыз	11	19,6%
3	Өндірістік оқыту шеберлері	3	5%
	Соның ішінде:		
	- Жоғары білімді	2	5%
	- Орта арнайы білімді	0	-
	- Жоғары санатты	0	-
	- Педагог-зерттеуші	0	-
	- Ғылым кандидаты	0	
	- Магистр	1	1,66%
	- Бірінші санатты	1	1,66%
	- Педагог-сарапшы	0	-
	- Екінші санатты	0	-
	- Педагог-модератор	0	-
	- Санатсыз	1	1,66%

Оқытушылардың сапалық құрамы: 48,3%.

ИПҚ санаттарын талдау педагогикалық құрамның келесі сапалық сипаттамасын көрсетеді (әр оқу жылының 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша):

- 2017-2018 оқу жылы оқу процесіне 55 ИПҚ жұмылдырылды, оның ішінде педагогтер саны 53 адамды, өндірістік оқыту шеберлері – 2 адамды құрады. Жоғары білімі бар қызметкерлер саны 55 адамды (немесе қызметкерлердің жалпы санынан – 55,5%). ИПҚ-ның жалпы санынан «жоғары санатты» қызметкерлердің саны - 12 адамды, «бірінші санатты» - 13 адамды, «екінші санатты» – 14 адам, санатсыз - 16 адам құрайды. Академиялық немесе ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер: 4 магистр және 1- ғылым кандидаты.

- 2018-2019 оқу жылы оқу процесіне 62 ИПҚ жұмылдырылды, оның ішінде педагогтер саны 60 адамды, өндірістік оқыту шеберлері – 2 адамды құрады. Жоғары білімі бар қызметкерлер саны 62 адамды (немесе қызметкерлердің жалпы санынан – 63,9%). ИПҚ-ның жалпы санынан «жоғары санатты» қызметкерлердің саны - 13 адамды, «бірінші санатты» - 13 адамды, «екінші санатты» – 14 адам, санатсыз - 22 адам құрайды. Академиялық немесе ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер: 5 магистр және 1- ғылым кандидаты.

- 2019-2020 оқу жылы оқу процесіне 59 ИПҚ жұмылдырылды, оның ішінде педагогтер саны 57 адамды, өндірістік оқыту шеберлері 2 адамды құрады. Жоғары білімі бар қызметкерлер саны 59 адамды (немесе қызметкерлердің жалпы санынан – 65,5%). ИПҚ-ның жалпы санынан «жоғары санатты» қызметкерлердің саны - 15 адамды, «бірінші санатты» - 13 адамды, «екінші санатты» – 14 адам, санатсыз - 17 адам құрайды. Академиялық немесе ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер: 5 магистр және 1- ғылым кандидаты.

- 2020-2021 оқу жылы оқу процесіне 68 ИПҚ жұмылдырылды, оның ішінде педагогтер саны 66 адамды, өндірістік оқыту шеберлері 2 адамды құрады. Жоғары білімі бар қызметкерлер саны 68 адамды (немесе қызметкерлердің жалпы санынан – 71,5%). ИПҚ-ның жалпы санынан «жоғары санатты» қызметкерлердің саны - 16 адамды, «педагог-зерттеуші» - 3 адам, «бірінші санатты» - 11 адамды, «педагог-сарапшы» - 3 адам, «екінші санатты» – 14

адам, «педагог-модератор» - 1 адам, санатсыз - 20 адам құрайды. Академиялық немесе ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер: 8 магистр және 1- ғылым кандидаты.

- 2021-2022 оқу жылы оқу процесіне 59 ИПҚ жұмылдырылды, оның ішінде педагогтер саны 57 адамды, өндірістік оқыту шеберлері 2 адамды құрады. Жоғары білімі бар қызметкерлер саны 59 адамды (немесе қызметкерлердің жалпы санынан – 67,8%). ИПҚ-ның жалпы санынан «педагог-зерттеуші» - 3 адамды, «жоғары санатты» қызметкерлердің саны - 12 адамды, , «педагог-сарапшы» - 2 адам, «бірінші санатты» - 10 адамды, , «педагог-модератор» - 1 адамды, «екінші санатты» – 14 адам, санатсыз - 14 адам құрайды. Академиялық немесе ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер: 8 магистр және 1- ғылым кандидаты.

Колледждің педагог кадрларының сандық және сапалық құрамының соңғы жылдарда өзгеруі төмендегідей:

Оқу жылы	***2017-2018***	***2018-2019***	***2019-2020***	***2020-2021***	***2021-2022***
Барлық ИПҚ, *оның ішінде*	*55*	*62*	*59*	*68*	*59*
Жоғары санатты	12	13	15	16	12
Педагог-зерттеуші	-	-	-	3	4
Ғылым кандидаты	1	1	1	1	1
Магистр	4	5	5	8	8
Бірінші санатты	13	13	13	11	10
Педагог- сарапшы	-	-	-	3	2
Педагог-модератор	-	-	-	1	2
Екінші санатты	14	14	14	14	15
Санатсыз	11	16	11	11	5
ИПҚ сапалық құрамының %	*56%*	*52%*	*57%*	*62%*	*63%*

Ескерту: Соңғы жылдары техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқытушылардың жоғары біліктілік санаты (жоғары, бірінші) және ғылыми дәрежесі жалақы мөлшеріне әсер етпеуіне байланысты, жалпы білім беретін пәндер оқытушыларының қала және облыс мектептеріне ауысу үрдісі байқалады.

Жасына байланысты педагогтардың жалпы санының бөлінісі төмендегідей:

Оқу жылы	***2017-2018***	***2018-2019***	***2019-2020***	***2020-2021***	***2021-2022***
Барлық ИПҚ, *оның ішінде*	*55*	*62*	*59*	*68*	*59*
30 жасқа дейінгі	11	12	10	10	8
	23%	*23%*	*25%*	*22%*	*21%*
31-45 жастағылар	27	25	24	33	29
	43%	*39%*	*37%*	*41%*	*38%*
46-60 жастағылар	15	20	20	21	21
	29%	*32%*	*31%*	*34%*	*36%*
60 жастан асқан	3	4	4	4	1
	5%	*6%*	*7%*	*3%*	*5%*
Орташа жасы	*42*	*40*	*39*	*43*	*42*

Ескерту: Кестеде әр оқу жылының 1 қыркүйегі бойынша мәліметтер беріледі.

Барлық инженерлік-педагогикалық персоналдың оқытылатын оқу пәндерінің бейініне сәйкес білімі бар. Оқытушылар арасында жоғары кәсіптік, инженерлік-педагогикалық және педагогикалық білім басым, ал өндірістік оқыту шеберлері арасында жоғары білімнен басқа техникалық және кәсіптік, орта арнайы және орта техникалық білім бар.

Оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін бағалау штаттық оқытушылардың Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес кемінде бес жылда бір рет мерзімді аттестаттаудан өтуі арқылы жүргізіледі.

Жоғары педагогикалық деңгейі, нәтижелері мен өз ісін адал атқаратын колледж оқытушыларына материалды және моральды тұрғыдан ынталандырылады: БҚО білім басқармасының, колледжішілік алғыс хаттар, грамота, жыл қорытындысы бойынша ақшалай сыйлық беріледі.

Колледж ұжымының моральдық-психологиялық ахуалы қалыпты деуге болады. Колледж әкімшілігі еңбек тәртібінің сақталуына үлкен мән береді.

Колледждің басшылық құрамын штаттық кестеге сәйкес директор, директордың орынбасарлары: оқу жұмысы, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, оқу-әдістемлік және ақпараттық технология жұмысы құрайды. Басшылық құрамның барлығының да жоғары педагогикалық білімдері бар. Басшылық құрамның орташа жасы – 45 жас.

Колледжде педагогтардың кәсіптік құзырлықтарын арттыру біліктілікті жоғарылату есебінен қамтамасыз етіледі. Біліктіктерін жоғарылату бойынша тақырыптық семинарлар, консультациялар, педагогикалық шеберлік мектептері, жаңа оқыту технологиялары сияқты курстық дайындықтан өтеді, магистратураға түсу және санатын көтеру бағытында жұмыстану арқылы жүзеге асырылады. Оқытушылардың кәсіби біліктілігі мен олардың білім беру технологияларын игеру сапасына жоғары талап қойылады.

Колледж оқытушыларының білімін арттырудың перспективті жоспары талқыланып педагогикалық кеңесте бекітіледі. Оқытушылардың біліктіліктерін арттыру Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығында, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы. Білім беруді дамыту орталығында, «TALAP» КЕАҚ, т.б. жүргізіледі.

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОНТИНГЕНТІ

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Орал ақпараттық технологиялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

№	Мамандықтың атауы	2017 2018	2018 2019	2019 2020	2020 2021	2021 2022
1	1013000 Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика	99	94	72	52	28
2	1201000 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	221	227	217	179	104
3	1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	247	280	354	337	212
4	06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)»	-	-	-	-	57
5	07140500 «Сандық техника (түрлері бойынша)»					33
6	06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»					41
7	07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»	-	-	-	-	62
8	07151100 «Машиналар мен жабдықтарды пайдалану (өнеркәсіп салалары бойынша)»	-	-	-	-	34
	Барлығы	**567**	**601**	**643**	**568**	**571**

2017-2018 оқу жылында білім алушылар контингенті негізгі орта білім беру базасында **567** құрайды, оның ішінде 360 білім алушылар ауыспалы топтарда оқитындар және 207 жаңадан қабылданды.

2018-2019 оқу жылында білім алушылар контингенті негізгі орта білім беру базасында **601** құрайды, оның ішінде 412 білім алушылар ауыспалы топтарда оқитындар және 189 жаңадан қабылданды.

2019-2020 оқу жылында білім алушылар контингенті негізгі орта білім беру базасында **643** құрайды, оның ішінде 468 білім алушылар ауыспалы топтарда оқитындар және 175 жаңадан қабылданды.

2020-2021 оқу жылында білім алушылар контингенті негізгі орта білім беру базасында **568** құрайды, оның ішінде 436 білім алушылар ауыспалы топтарда оқитындар және 132 жаңадан қабылданды.

2021-2022 оқу жылында білім алушылар контингенті **571** құрайды, оның ішінде 344 білім алушылар ауыспалы топтарда оқитындар және 227 жаңадан қабылданды (негізгі орта білім базасында 534, техникалық және кәсіптік білім базасында 37).

2021-2022 оқу жылының соңында 132 түлек аяқтады және 417 білім алушы курстан курсқа аударылды. 2022-2023 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша 150 талапкер қабылдау жоспарланды.

4. ОҚУ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУ

Колледждің инженерлік-педагогикалық ұжымы өзінің негізгі функцияларының бірі – студенттерге білім беру сапасын арттыруды жүзеге асырады. Ең бастысы- олардың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал ететін оқу жағдайларын жасау.

Жыл сайын педагогикалық кеңесте колледждің оқу жылына арналған жұмыс жоспары қаралады және бекітіледі.

Колледждің 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Колледж жұмысының жоспарында қызметтің негізгі бағыттары көрсетілген:

1. Стандарттардың талаптарын ескере отырып, білім беру үдерісін оқу-әдістемелік және оқу-бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіру.
2. Оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі бойынша жұмысты күшейту.
3. Кәсіптік стандарттар талаптарын есепке алу контексінде оқу және өндірістік практикалардың мазмұны мен ұйымдастырылуын жетілдіру.
4. Өндірістік тәжірибелерді ұйымдастыру бөлігінде әлеуметтік әріптестік нысандарын оңтайландыру.
5. Кәсіптік бағдар беру жүйесін жетілдіру және түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.
6. Студенттерді қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына бейімдеу бойынша тәрбие жұмысын жетілдіру.
7. Табысты маманды қалыптастыру үшін колледждің тәрбие ортасының шарттарын жүйелеу.

Студенттердің танымдық белсенділігін арттыру мәселесі әрдайым оқу практикасындағы ең өзекті мәселелердің бірі, сондықтан оқытушы мен студенттердің бірлескен танымдық қызметін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін құралдарды іздеу үнемі жүргізіліп отырады.

«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушылары шет тілі пәні оқытушыларымен бірлесіп CLIL әдістемесін пайдалана отырып, сараланған сабақтар өткізіледі. Бұл әдістеменің негізгі артықшылықтарының бірі білім алушылардың арнайы пәндер мен шет тілдерін оқуға деген ынтасын арттыру болып табылады. Тілді үйрену ең басты мақсат, өйткені тіл нақты коммуникативті мәселелерді шешу үшін қолданылады.

Жалпы білім беру пәндерінің оқытушылары проблемалық-іздестіру, шығармашылық-репродуктивті әдістерді, бағдарламаланған оқыту әдісін; математикалық модельдерді құру әдісін, аксиомалық әдісті және т. б. тиімді пайдаланады.

Сондай-ақ оқытушылар өздерінің әлеуетін, кәсіби дағдылары мен оқушылардың сапасын барынша ашуға ықпал ететін коучинг элементтерін енгізеді.

Нұр Отан жобасы аясында «STEM Academia» компаниясы IT құзыреттілік орталығы базасында Орал қаласының білім беру саласында білікті педагогтер мен мамандардың біліктіліктерін арттыру мақсатында бірегей бағдарлама ұсынды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын табысты іске асыру мүмкіндігі үшін «STEM Academia» компаниясы 4 аптаға дейін созылатын келесі мамандықтар бойынша мастер-кластар өткізуді және IT мамандарын даярлауды көздеді:

- STEM пәндерінің негіздерін оқыту (Инженерия, 3D модельдеу, бағдарламалау, робототехника
- IT бойынша оқыту бағыттары (Java, Python, C++, Unity, Machine learning, үлкен деректерді талдау, веб-сайттар дизайны және т. б.)
- Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру
- Оқытушыларды оқытудың тиімділігін арттыру
- Техникалық және IT пәндерін ағылшын тілінде оқыту

STEM Lab- бұл білім беру мекемелері базасында STEM және IT бағыттар бойынша оқыту зертханаларының кешені болып табылады.

STEM Lab 4 негізгі бағытқа арналған жабдық желісін қамтиды: инженерия, 3D модельдеу, бағдарламалау және робототехника.

Аталған бағыттар бойынша 2019-2020 оқу жылында Орал ақпараттық технологиялар колледжінің педагог кадрлары STEM academia- дан кәсіби біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

IT құзыреттілік орталығының мақсаты:

- білім беру процесіне қатысушыларға бірыңғай ақпараттық — білім беру ортасын қалыптастыру және білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қарқынды енгізу арқылы ақпараттық қоғамдағы кәсіби қызмет үшін қажетті біліммен және дағдылармен қамтамасыз ету;
- ақпараттық технологияларды белсенді енгізу арқылы білім беру сапасын арттыруға, қашықтықтан оқытуға бағытталған ақпараттық білім беру ортасын құру.

IT құзыреттік орталығында оздырылған шаралар:

2020 және 2021 жылдың қыркүйек айында екі құзіреттілік (Графикалық дизайн, Веб-дизайн) бойынша «Word Skills» облыстық чемпионаты өткізілді.

2020 жылдың желтоқсан айында колледж студенттері арасында 9 құзыреттілік бойынша «КомпАс» атты облыстық байқауы өткізілді.

2021 жылдың қаңтар айында «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша оқитын колледж студенттері арасында «Photoshop» және «Adobe Illustrator» бағдарламалары бойынша «Gradient» атты колледжішілік байқаулар оздырылды.

2021 жылдың 3 - 4 маусымында Орал ақпараттық технологиялар колледжінде «Web дизайн» және «Графикалық дизайн» бағыттары бойынша колледж оқушылары арасында «PROF IT 2021» кәсіби байқауы өтті.

Байқаудың негізгі мақсаты – кәсіби шеберлікті көрсету және оны одан әрі жетілдіру.

Байқау колледждің әлеуметтік серіктесі – конкурстың жүлде қорының негізгі кеңесшісі және құрылтайшысы – «IT Group Kazakhstan» ЖШС-нің қолдауымен өткізілді. Әлеуметтік серіктестердің осындай байқауларға қатысуы әлеуетті жұмыс берушілерге өздері үшін талантты кадрларды табуға мүмкіндік береді.

IT құзыреттік орталық базасындағы колледж студенттеріне желілік технологиялар, 3D моделдеу, электрондық үкімет, мобильді робототехника, графикалық дизайн құзыреттіліктері бойынша курстар өткізілді.

2020-2021 оқу жылының басынан БҚО колледждерінің оқытушылары үшін «Қашықтан оқыту кезінде бейнесабақ дайындау» тақырыбында 5 күндік оқыту семинарлар облыстық білім басқармасынан 4 рет, әрқайсысы 15 адамнан өткізілді. Сондай-ақ Орал ақпараттық технологиялар колледжінің оқытушыларына 2 рет өткізілді. Оқыту семинары соңында сертификаттар берілді.

IT құзыреттік орталығында орындалған жұмыстар:

1. Ассортименттің техникалық ерекшелігіне және орнатылған жабдықтар мен жиһаздың санына сәйкес АТ орталығының зертханасын қабылдау
2. IT орталық зертханасында компьютерлер мен ноутбуктерде орнатылған бағдарламалық құралдарды жаңарту, ноутбуктерде WI-FI байланысы
3. WEGSTR CNC CNC фрезерлік станокқа қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді іздеу, орнату, зерттеу
4. InterPrint I3 және Zmorph VX Full Set 3D принтерлерінде әртүрлі үлгілері жасақталды.
5. Autoldesk 123D Design бағдарламасында құру және InterPrint I3 3D принтерінде аймақтық көрме байқауына конкурстық жұмыстың макеті стенді жасақталды.
6. Колледж студенттеріне робототехника сабақтары өткізілді.
7. «CompaAs» қала колледждері арасындағы байқау өткізілді.

«Фотошоп» бағдарламасы бойынша колледж студенттері арасындағы сайыс өткізілді.

8. 3D модельдеуде шахмат фигураларының ең жақсы дизайнына байқау өткізілді.
9. «Мобильді робототехника» тақырыбындағы сайыс өткізілді.
10. Арнайы пәндер оқытушылары облыс мектептері мен колледждерінің оқытушыларына келесі тақырыптар бойынша «3D моделдеу» және «Web программалау» курстар өткізді.

Жұмыс оқу бағдарламалары

2017-2018 оқу жылында 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)», 1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша жұмыс оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген.

1013000 "Механикалық өңдеу, өлшеу – бақылау құралдары және өндірістегі автоматика" мамандығы бойынша жұмыс оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген.

2018-2019 оқу жылында 1304000 "Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)", 1201000 "Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану" мамандықтары бойынша жұмыс оқу бағдарламалары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген.

1013000 "Механикалық өңдеу, өнеркәсіптегі бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика" мамандығы бойынша жұмыс оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген.

2019-2020 оқу жылында 1304000 "Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)", 1201000 "Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану" мамандықтары бойынша жұмыс оқу бағдарламалары ҚР

БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген.

2020-2021 оқу жылында 1304000 "Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)", 1201000 "Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану" мамандықтары бойынша жұмыс оқу бағдарламалары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына және "Орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттар тізбесін бекіту туралы", 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген.

2021-2022 оқу жылында 06120100 "Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)", 06130100 "Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)", 07161300 "Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану", 07151100 "Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету (өнеркәсіп салалары бойынша)" мамандықтары бойынша жұмыс оқу бағдарламалары, 07140500 "Цифрлық техника (түрлері бойынша)" техникалық және кәсіптік білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен және "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесін және олардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 130 бұйрығымен бекітілген.

2017-2018 оқу жылында колледждегі оқу-тәрбие үдерісі «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы, ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандығы бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары» № 553 бұйрығы және БҚО білім басқармасы 2016 жылғы 29 тамыздағы «Эксперимент режимінде модульдік оқытуды енгізу» бұйрығы негізінде әзірленген оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды.

1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) мамандығы бойынша 130401 **2** «Электрондық есептеу машиналарының операторы», 130404 **3** «Техник-программист» біліктіліктері бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай мерзімде эксперименталды оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №553 бұйрығы №298 қосымшасы негізінде жасақталған.

1304012 «Электрондық есептеу машиналарының операторы» біліктілігі бойынша білімі сақталған ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар (тірек-қимыл аппараты бұзылған) адамдар үшін арнайы жұмыс оқу жоспары әзірленді, ол ТжКБ білім беру бағдарламасын және жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларын физикалық бұзушылықтар мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып толық меңгеруді көздейді №553 бұйрығы №298 қосымшасы негізінде жасақталған.

1201000 «Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша (түрлері бойынша) мамандығы 120107 **2** Автомобильдерді жөндейтін

дәнекерлеуші біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №553 бұйрығы 213- қосымшасы негізінде жасақталған.

1013000 «Механикалық өңдеу, өндеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика» мамандығы бойынша 101307 **3** Техник-механик біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қантардағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №72 бұйрығы №538 қосымшасы негізінде жасақталған.

1201000 «Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша (түрлері бойынша) мамандығы 120112 **3** Техник- механик біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қантардағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарылары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №72 бұйрығы 219-қосымшасы негізінде жасақталған.

2018-2019 оқу жылында колледждегі оқу-тәрбие үдерісі ТжКБ мемлекеттік жалпыға міндетті стандартынының 2-қосымшасы («Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы), үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды. ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша қамтылған.

1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) мамандығы бойынша 130401 **2** «Электрондық есептеу машиналарының операторы», 130404 **3** «Техник-бағдарламашы» біліктіліктері бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай мерзімде эксперименталды оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №553 бұйрығы №316 қосымшасы негізінде жасақталған.

130401**2** «Электрондық есептеу машиналарының операторы» біліктілігі бойынша білімі сақталған ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар (тірек-қимыл аппараты бұзылған және есту және сөйлеу қабілеті бұзылған) адамдар үшін арнайы жұмыс оқу жоспары әзірленді, ол ТжКБ білім беру бағдарламасын және жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларын физикалық бұзушылықтар мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып толық меңгеруді көздейді №553 бұйрығы №298 қосымшасы негізінде жасақталған.

1013000 «Механикалық өңдеу, өндеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика» мамандығы бойынша 101307 **3** Техник-механик біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қантардағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №72 бұйрығы №538 қосымшасы негізінде жасақталған.

1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша (түрлері бойынша) мамандығы 120107 **2** Автокөлікті жөндеу слесарі, 120109 **2** «Көліктерді жөндеу шебері», 120112 **3** Техник-механик

біліктіліктері бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №553 бұйрығы №238 қосымшасы негізінде жасақталған.

2019-2020 оқу жылында колледждегі оқу-тәрбие үдерісі ТжКБ мемлекеттік жалпыға міндетті стандартынының 2-қосымшасы («Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы), үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды. ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша қамтылған.

1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша (түрлері бойынша) мамандығы 130401 **2** «Сандық ақпараттарды қайта өңдеу маманы», 130404 **3** «Техник-бағдарламашы» біліктіліктері бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №553 бұйрығы №298 қосымшасы негізінде жасақталған.

1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша (түрлері бойынша) мамандығы 130408 **2** «Сандық және электронды құрылғыларды, компьютерлік желілердің жөндеуші» біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №72 бұйрығының №356 қосымшасы негізінде құрастырылды.

1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша (түрлері бойынша) мамандығы 120107 **2** Автокөлікті жөндеу слесарі, 120109 **2** «Көліктерді жөндеу шебері», 120112 **3** Техник-механик біліктіліктері бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №553 бұйрығы №238 қосымшасы негізінде жасақталған.

1013000 «Механикалық өңдеу, өндеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика» мамандығы бойынша 101307 **3** Техник-механик біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қантардағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №72 бұйрығы №538 қосымшасы негізінде жасақталған.

2020-2021 оқу жылында колледждегі оқу-тәрбие үдерісі ТжКБ мемлекеттік жалпыға міндетті стандартынының 2-қосымшасы («Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы), үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленген оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды. ҚР БҒМ 2021 жылғы 15 қыркүйектегі №553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша, сондай-ақ WorldSkills ұлттық біліктілік шеңбері мен кәсіби стандарттары қамтылған.

1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша (түрлері бойынша) мамандығы 130401 **2** «Сандық ақпараттарды қайта өңдеу маманы», 130404 **3** «Техник-бағдарламашы» біліктіліктері бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №553 бұйрығы №298 қосымшасы және кәсіптік стандарт WorldSkills IT Network Systems Administration (WSC201 9_WSSS39_IT_ Network_Systems_Administration) негізінде жасақталған.

1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша (түрлері бойынша) мамандығы 130408 **2** «Сандық және электронды құрылғыларды, компьютерлік желілердің жөндеуші» біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №72 бұйрығының №356 қосымшасы және кәсіптік стандарт WorldSkills IT Network Systems Administration (WSC201 9_WSSS39_IT_ Network_Systems_Administration) негізінде құрастырылды.

1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша ақыл-ойы дұрыс (тірек-қимыл аппараты бұзылған) ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар үшін ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес үлгілік оқу жоспары, ҚР БҒМ 2021 жылғы 15 қыркүйектегі №553 бұйрығымен бекітілген мамандық бойынша үлгілік оқу бағдарламасын, сондай-ақ арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу «Кәсіпқор» Холдингі КЕАҚ «Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар үшін арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдіснаманы құру» мемлекеттік тапсырмасын іске асыру шеңберінде (2017 жылғы 18 сәуірдегі №1 60/МС шарт) әзірленді.

1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша (түрлері бойынша) мамандығы 120107 **2** Автокөлікті жөндеу слесарі, 120109 **2** «Көліктерді жөндеу шебері», 120112 **3** Техник-механик біліктіліктері бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №553 бұйрығы және кәсіптік стандарт WorldSkills Standards кәсіби стандарты Specification Autobody Repair (Транспорт және логистика WSC2019_WSSS13_ Autobody_Repair) негізінде жасақталған.

2021-2022 оқу жылында колледждегі оқу-тәрбие процесі ҚР БҒМ 2021 жылғы 15 қыркүйектегі №553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары, сондай-ақ WorldSkills ұлттық біліктілік шеңбері мен кәсіптік стандарттары негізінде әзірленген оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды.

06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)» мамандығы 306120101 **«**Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы**»** біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары «Жас маман» жобасын іске асыру шеңберінде ҚР БҒМ 2021 жылғы 15 қыркүйектегі №553 бұйрығының 109 қосымшасы, 2020 жылғы 12 желтоқсандағы Soprano Group дайындаған

білім беру бағдарламасы, Финляндияның Ұлттық білім басқармасы OPH-5213-2020 және кәсіптік стандарт WorldSkillsIT Network Systems Administration (WSC201 9_WSSS39_IT_ Network_Systems_Administration) негізінде жасақталған.

07140500 **«Сандық техника (түрлері бойынша)»** мамандығы 3W07140501 «Сандық техниканы монтаждаушы-жөндеуші» біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 2 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары БҒМ 2021 жылғы 15 қыркүйектегі №553 бұйрығының 153 қосымшасы, «Жүйелік және желілік әкімшілендіру» кәсіби стандартына «Атамекен» ҚР ҰКП басқарма төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №266 бұйрығының 18-қосымшасы және WorldSkills Standards кәсіби стандарты Specification Electronics Manufacturing and Engineering Technology (WSC2019_WSSS16_Electronics) негізінде жасақталған.

06130100 «**Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)**» мамандығы 4S06130103 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы» біліктілігі бойынша күндізгі нысанда 3 жыл 10 ай мерзімде оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ 2021 жылғы 15 қыркүйектегі №553 бұйрығының 113 қосымшасы, «Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу» кәсіби стандарты «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 2017 жылғы 17 шілдедегі № 171 бұйрығының № 5-қосымшасы; WorldSkills Standards кәсіби стандарты Web Technologies Information and Communication Technology (WSC2019_WSSS17_Web_Technologies) негізінде жасақталған.

